

## Баскөл ауылдық округінің Бөкебай ауылының шекарасын (шегін) белгілеу туралы

Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай аудандық мәслихатының 2012 жылғы 06 сәуірдегі N 2/10-V шешімі және Бесқарағай аудандық әкімдігінің 2012 жылғы 06 сәуірдегі N 143 бірлескен қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Бесқарағай ауданындағы Әділет басқармасында 2012 жылғы 12 сәуірде N 5-7-114 тіркелді

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 108-бабының 5-тармағына, «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 5, 12 баптарына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына, 31-бабы 1-тармағының 10) тармақшасына сәйкес, Бесқарағай аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ** және Бесқарағай аудандық әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қосымшаға сәйкес алаңдарда Баскөл ауылдық округінің Бөкебай ауылының шекарасы (шегі) өзгертілсін және Баскөл ауылдық округінің Бөкебай ауылының елді мекенінің шекарасын (шегін) белгілеудің жерге орналастыру жобасына сәйкес б е л г і л е н с і н .

2. «Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай аудандық жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі (Калиновский В. Я.) жер-есебі құжаттарына қажетті өзгерістерді е н г і з с і н .

3. Осы шешім және қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы*

*Т. СҰЛТАНОВ*

*мәслихат хатшысы*

*А у д а н д ы қ  
Қ. САДЫҚОВ*

Аудан әкімі **Қ. БАЙҒОНУСОВ**  
 Бірлескен Бесқарағай аудандық  
 әкімдігінің 2012 жылғы 6 сәуірдегі  
 № 143 қаулысы мен Бесқарағай аудандық  
 мәслихатының 2012 жылғы 6 сәуірдегі  
 № 2/10-V шешіміне қосымша

**Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай ауданы Баскөл ауылдық округінің Бөкебай ауылының елді мекенінің Экспликациясы**

1	Ж е р пайдаланушылардың атауы	Жоспардағы барлық жерлер, га	Өнеркәсіптік және өзге де а / ш маңызындағы емес жерлер, га	Елді мекенге бекітіледі , га	а / ш алқаптары , барлығы га	олардан				өзг бағ
						егістік	тыңайма	шабындық	жайылым	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
№ 1 телім	Бөкебай ауылының жерлері	2000,0	-	2000,0	1973,4	3,0	-	-	1970,4	26,
	Босалқы жерлер	126,0	-	126,0	125,6	-	-	-	125,6	0,4
	<b>№ 1 телім бойынша барлығы</b>	<b>2126,0</b>	<b>-</b>	<b>2126,0</b>	<b>2099,0</b>	<b>3,0</b>	<b>-</b>	<b>-</b>	<b>2096,0</b>	<b>27,</b>
<b>Аралық ж е р телімдері</b>										
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
№ 2 телім	Босалқы жерлер	88,12	2,12	86,0	49,2	-	-	-	49,2	36,
№ 3 телім	Н. Николаевка ауылының байырғы жерлері	638,804	1,804	637,0	610,8	-	-	-	610,8	26,
	<b>Бөкебай ауылының елді мекенінің жерлері бойынша барлығы</b>	<b>2852,924</b>	<b>3,924</b>	<b>2849,0</b>	<b>2759,0</b>	<b>3,0</b>	<b>-</b>	<b>-</b>	<b>2756,0</b>	<b>90,</b>